

## «TENGRİ PARTNERS INVESTMENT BANKING (KAZAKHSTAN)» АҚ БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕР МЕН НАҚТЫЛЫ ҰСТАУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ҮЛГІ ШАРТЫ

Қазақстан Республикасының (бұдан әрі мәтін бойынша - «ҚР»), заңнамасымен сәйкес құрылған және әрекет ететін заңды тұлға, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Ю.Померанцев көшесі, Ғимарат 5, Қабат 6, «ALAtau views» бизнес-орталығы, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі құнды қағаздар нарығында клиенттердің шоттарын нақтылы ұстаушылар ретінде жүргізу құқығы бар брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға 2020 жылдың 17 қарашасында берілген №3.1.1.244 және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге 2021 жылдың 22 ақпанда берілген №4.3.14. лицензияларына иелік етуші «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания»), бір тараптан;

және

Осы шартқа қосылған Клиент шартқа қосылу туралы өтініш негізінде және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша – «Клиент») екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» және әр қайсысы бөлек "Тарап" немесе жоғарыда айқындалғандай, осы брокерлік және дилерлік және нақтылы ұстау қызметтерін көрсету Шартына төмендегідей енді (бұдан әрі мәтін бойынша – «Шарт»):

Осы Шарт брокерлік қызметтерді және номиналды ұстау қызметтерін ұсыну туралы үлгілік шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі мәтін бойынша – Өтініш) қол қою арқылы, кейіннен Компания осындай өтінішті акцептеп, Шартқа тұтастай қосылған жағдайда клиент қабылдаған болып есептеледі. Өтінішке Клиент 2 (екі) данада қол қояды, Қазақстан Республикасының заңнамасында, компанияның ішкі құжаттарында және АХҚО қағидаларында көзделген негіздер бойынша кейіннен акцептеу немесе бас тарту үшін компания қабылдайды. Өтінішті акцепті компания клиенттен қажетті құжаттарды алған жағдайда және компанияның талаптарына, Қазақстан Республикасы заңнамасына және АХҚО қағидаларына сәйкес Қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жасайды. Тиісті өтініштегі Акцепт, сол сияқты шарт жасасу тиісті жазба жасау, компанияның уәкілетті тұлғасы қол қою арқылы жүзеге асырылады.

### 1. ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ ТҮСІНІКТЕР

1.1. Осы Шартта келесідей терминдер мен аббревиатуралар қолданылады:

“Активтер”

Шотта (төменде анықталғандай) жатқан және (немесе) салынатын кез келген қаржылық құралдар немесе ақшалар, сондай-ақ туынды қаржылық құралдар және осындай қаржылық құралдар немесе ақшаларға қатысты алынған табыстар

“Компанияның Интернет - ресурсы”

[www.tpib.kz](http://www.tpib.kz)

“Ішкі қағидалар”

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру Регламенті, сондай-ақ Компанияның өздерінің клиенттеріне қызмет көрсетуін, күнделікті қызметін және аффилирленген тұлғалармен, мемлекеттік органдармен және Компанияның Интернет-ресурсында жарияланған басқа да үшінші тұлғалармен жұмыс істегенде

пайдаланылатын рәсімдерді реттейтін басқа да ішкі құжаттары

**“Клиенттік Бұйрық”**

Компанияның талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін нысанда, қаржылық құралдарды алуға арналған Клиентке тиесілі қаржылық құралдар немесе ақшаларға қатысты Клиенттің дербес шоты бойынша әрекеттерді (іс-қимылдарды) жасау бойынша Уәкілетті Тұлғамен Компанияға берілген нұсқаудан тұратын құжат

**“Клиенттік Тапсырыс”**

Компанияның ішкі құжаттарымен сәйкес ресімделген және Клиенттің Активтерімен Мәмілені жасау үшін және орындау үшін Клиенттің берген нұсқауларынан тұратын құжат

**“Байланысатын тұлға”**

Клиенттік бұйрықтарды және Клиенттік Тапсырыстарды және Клиенттен келетін басқа да құжаттарды қабылдауға уәкілеттенген Компанияның қызметкері

**“Салықтар”**

Осы Шартпен, Мәмілелермен немесе Көрсетілетін қызметтермен байланысты, кез келген органмен салынатын, алынатын, ұсталатын, есептелетін кез келген салықтар, жинаулар, ұстаулар немесе мемлекеттік баждар, оның ішіне оларды төлемегені үшін немесе белгіленген мерзімде төлемегені үшін салынатын кез келген айыппұлдар да кіреді

**“Нақтылы ұстау”**

Құнды қағаздарды ұстаушылардың атынан және есебінен осы Шартпен сәйкес, белгіленген заңды әрекеттерді жасау, сондай-ақ құнды қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу және растау және осындай ұстаушылардың құнды қағаздарымен болған мәмілелерді тіркеу

**“Сауданы ұйымдастырушы”**

Қор биржасы және құнды қағаздардың биржадан тыс нарығының баға белгілейтін ұйымы

**“Шот”**

Компания Компанияның нақтылы ұстау жүйесінде, сонымен қатар «Құнды қағаздардың орталық депозитарий» АҚ есеп жүргізу жүйесінде (субшот), апатын шоттары (дербес шот) және Мәмілелерді орындау мақсатында Клиенттің қаржылық құралдарының және ақшаларының есебін жүргізуді жүзеге асыру үшін шетелдік қаржылық құралдар мен ақпалай құралдар бойынша кез келген кастодиандарының/суб-кастодиандарының шоттары

**“Уәкілеттенген тұлға”**

Компания үшін жарамды нысан бойынша жазбаша құжаттың негізінде уәкілеттенген, немесе тиісті түрде ресімделген сенімхаттың негізінде Клиенттің атынан осы Шарт бойынша кез келген әрекетті

	жүзеге асырғанда, құқықтарды жүзеге асырғанда немесе міндеттемелерді орындағанда әрекет ететін Клиенттің кез келген лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе өкілі
“Уәкілеттенген орган”	құнды қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган
“Қаржылық құралдар”	ақшалар, акциялар, облигациялар, пайлар немесе басқа да үлестік немесе борыштық корпоративтік немесе мемлекеттік құнды қағаздар, туынды қаржылық құралдар, депозитарлық қолхаттар, айырмашылыққа келісім-шарттар (CFD - contract for difference) және ҚР немесе әлемнің кез келген басқа мемлекетінде тіркелген басқа қаржылық құралдар
“ҚҚОД”	«Құнды қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ
“Биржа”	«Қазақстандық қор Биржасы» АҚ
“АХҚО”	«Астана» Халықаралық қаржылық орталығы
“АІХ”	Astana International Exchange - Астана халықаралық қаржы орталығы биржасы
“Айлық есептік көрсеткіш” (АЕК)	тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген сыйақыны есептеу үшін пайдаланылатын көрсеткіш.

## 2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Компания осы Шартпен сәйкес Клиентке құнды қағаздар нарығындағы, оның ішінде «Астана» Халықаралық қаржылық орталығының аумағында келесідей төменде көрсетілген қызметтерді (бұдан мәтін бойынша әрі бірлесіп немесе әр қайсысы бөлек “Қызметтер”) ұсынады:
- 2.1.1. құнды қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығында, оның ішінде АХҚО аумағында Клиенттік Тапсырыстармен сәйкес Клиенттің есебінен және оның мүддесіне оның тапсырмасы бойынша мәмілелерді, сондай-ақ қолма-қолсыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату бойынша мәмілелерді жасайды және орындайды;
- 2.1.2. келесілерден тұратын нақтылы ұстау қызметтерін көрсетеді:
- а) дербес шоттар бойынша іс-қимылдар:
    - Клиентке дербес шотты ашу;
    - Клиент туралы мәліметтерді өзгерту;
    - Клиенттің шотына/шотынан Қаржылық құралдарды есептен шығару/кіргізу;
    - тиісті эмитентпен жүргізілген акцияларды бөлшектеу немесе консолидациялау нәтижесінде орналастырылған акцияларды арттыру/азайтумен байланысты Клиенттің дербес шотындағы/субшотындағы акциялардың санын арттыру/азайту туралы жазбаларды енгізу;
    - Клиенттің Қаржылық құралдарына ауыртпалық салу және Ауыртпалықты алып тастау;
    - сенім білдіріп басқару туралы жазбаларды енгізу және жою;
    - Клиенттің дербес шотын жабу;
    - акцияларды жою;
    - ҚР заңнамасымен қарастырылған басқа да іс-қимылдарды жасайды;
  - б) ақпараттық іс-қимылдар:
    - Клиенттің Шотынан үзінділер беру;
    - Клиенттің жүргізген іс-қимылдары туралы есеп беру;

2.1.3. Қажет болған жағдайда Тараптардың арасындағы жекелеген келісім бойынша Компания жоғарыда аталған қызметтерден бөлек, қосымша ақысына мынандай қызметтерді ұсынуы мүмкін:

- инвестициялық шешім қабылдау үшін Клиентке қажетті ақпаратты және ұсынымдарды беру;
- ақпараттық, талдау және кеңес беру қызметтері.

2.2. Клиентке қолма-қолсыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату бойынша қызметтерді көрсетуді Компания Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржаның ішкі құжаттарымен сәйкес жүзеге асырады.

2.3. Компания осы Шарт бойынша Қызметтерді жеке өзі көрсетеді. Клиенттің мүдделерін қорғау мақсатында Компания Қаржылық құралдармен мәмілелерді жасауды басқа брокерге тапсыра алады. Компанияның Қаржылық құралдармен мәмілелерді жасауды басқа брокерге тапсыруы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және АХҚО қағидаларымен сәйкес жүзеге асырылады.

2.4. Компания осы Шартқа қол қойылған күннен, сондай-ақ осы Шарттың және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес құжаттар ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде және Клиенттің жеке шот ашуға берген бұйрығы болған жағдайда ғана, Клиентке Номиналды ұстау есебі жүйесінде Жеке шот және «Құнды қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ есебі жүйесінде Клиенттің субшотын ашады, бұл ретте субшот ашу үшін қажетті Клиенттің барлық деректемелерін ашады. Жеке шот пен субшотты ашу кезінде Компания мен Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасының, Компанияның Ішкі қағидаларының және бағалы қағаздар нарығының барлық қажетті кәсіби қатысушыларының талаптарын сақтайды.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

#### **3.1. Компанияның міндеттері:**

3.1.1. Клиент заңсыз жолмен алынған табыстарды жариялауға (жалған түрде жұмсау), лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқа да заңнамасымен қолданылатын талаптарды сақтау мақсатында сұрата алатын кез келген мәліметтер мен құжаттарды уақытында Клиентке береді;

3.1.2. нақтылы ұстауға берілген құнды қағаздар бойынша Клиенттің құқықтарын, осы Шарттың 4-ші бабының 4.2. тармағымен сәйкес, Клиенттің Шотынан үзінді беру арқылы растайды;

3.1.3. осы Шарттың талаптарымен, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарымен, АХҚО қағидаларымен сәйкес, Қаржылық құралдармен мәмілелер және іс-қимылдар жасайды;

3.1.4. Қаржылық құралдармен мәмілелерді жасаған кезде, Клиенттік тапсырысты ең жақсы түрде орындау үшін барлық мүмкін болатын күш жігерін салады;

3.1.5. Қаржылық құралдармен мәмілелерді жасаған кезде кедергі келтіретін Компанияға мәлім болған барлық жағдайлар туралы Клиентке хабарлайды;

3.1.6. Қаржылық құралдармен мәміле жасау Клиенттің мүдделер қақтығысының туындауына әкелуі мүмкін болған жағдайда, Клиентке мұндай мәмілені жасауға ұсыным бермеу; мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі және оның туындау фактілері туралы Клиентке жазбаша хабарламаны электрондық пошта арқылы, пошта арқылы немесе қолма-қол беру жолымен, осындай хабарлама жіберу негізі пайда болған күні жіберу арқылы хабарлау. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Компания өз мүдделерінен төрі Клиенттің мүдделеріне басымдық бере отырып, Қаржылық құралдармен мәмілені жүзеге асырады;

3.1.7. осы Шартпен айқындалған тәртіпте, Клиентке Клиенттік Тапсырыстың орындалғаны/орындалмағаны туралы есептер береді;

3.1.8. осы Шартпен сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес, оларға қатысты шектеулер және ерекше талаптар қойылған Қаржылық құралдармен жасалған немесе жасалуы жоспарланған мәмілелер туралы, осындай мәмілелер жасалған күннен немесе осындай мәмілені жасаудан Компания бас тартқан күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей Уәкілетті органға хабарлайды;

3.1.9. Клиенттің дербес шоты бойынша нақтылы ұстауларды есепке алу жүйесінде тұратын ақпаратты сақтайды;

3.1.10. Клиенттің дербес шоты бойынша өзгерістерді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО қағидаларымен белгіленген тәртіпте және мерзімде енгізеді;

3.1.11. ҚҚОД және құнды қағаздардың эмитентінің талаптары бойынша, құнды қағаздары оның нақтылы ұстауында тұрған Клиент туралы мәліметтерді береді;

3.1.12. Эмитенттер жіберетін дивидендтерді/купондық сыйақыларды алу және оларды Клиенттің жеке

шотына есепке алу: Компанияның номиналды ұстауында тұрған Клиенттің Қаржылық құралдары бойынша Клиентке тиесілі көрсетілген табыстар мен өзге де түсімдердің түсуін Компания тіркейді.

Компания Клиенттің тиісті Қаржылық құралдары бойынша табыстарды/түсімдерді Клиенттің жеке шотына түскеннен кейін ақылға қонымды мерзімде, осы Шарттың немесе Компанияның ішкі құжаттарының шарттарында өзгеше көзделмеген болса, есепке алады және Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша Клиенттің Қаржылық құралдары бойынша табыс төлемі туралы есепті Клиентке ұсынады;

3.1.13. Клиентке тиесілі Қаржылық құралдар бойынша табыстардың түскені туралы Клиентті ақылға қонымды мерзімде, бірақ табыстар Клиенттің жеке шотына түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлау;

3.1.14. осы Шартпен сәйкес тарифтердің өзгеруі туралы Клиентке хабарлайды;

3.1.15. Клиентке:

3.1.15.1. осы Клиенттің есебінен және оның мүддесі үшін жасалуы жоспарланған Қаржылық құралдармен жасалатын мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше талаптар туралы хабарлама жіберуге негіз туындаған күні Клиенттің электрондық поштасына немесе поштамен немесе қолына жазбаша хабарлама жіберу арқылы ескертеді;

3.1.15.2. Компанияға Уәкілетті орган салған жазалар туралы, әкімшілік жазаларды есептемегенде, соңғы бірізді күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде ескертеді. Әкімшілік жазалар түріндегі жазалар бойынша Компанияға әкімшілік жазаның салынғаны туралы мәліметтер әкімшілік жазаны салу туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап соңғы бірізді күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде беріледі.

Мұндай хабарлама жазбаша түрде ресімделеді және Клиентке пошта арқылы немесе қолына немесе электронды пошта арқылы, осындай хабарлама жіберуге негіздеме туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі немесе Компанияның интернет-ресурсында орналастырылады;

3.1.15.3. Лицензияның әрекет ету күшін тоқтата тұру туралы жеке хабарламаны жіберу арқылы немесе тиісті хабарландыруды кеңседе және Компанияның интернет-ресурсында орналастыру арқылы Уәкілетті органнан хабарлама алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ескертеді;

3.1.15.4. Уәкілетті органнан хабарлама алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жеке хабарламаны жіберу арқылы лицензияны жою себебі бойынша осы Шартты бұзу туралы ескертеді;

3.1.15.5. Қаржылық құралдармен операцияларды жүргізуге кедергі келтіретін жағдайлар туралы, Компания мен Клиенттің өзара әрекеттесу тәртібі мен қағидаларына енгізілген елеулі өзгерістер туралы, сондай-ақ Компания тарифтерінің өзгерістері туралы;

3.1.15.6. Компания мен Клиенттің өзара әрекет ету қағидалары мен тәртібінің маңызды түрде өзгеруі;

3.1.15.7. Компанияның тарифтерінің өзгеруі туралы ескертіледі;

3.1.15.8. Компанияның деректемелерінің және байланыс ақпараттарының өзгергені туралы ескертіледі;

3.1.16. Клиенттің Шоты туралы ақпаратты қоса алғанда, Клиент туралы мәліметтердің құпиялығын сақтайды, сонымен қатар Клиенттен алынған ақпараттың құпиялығын, заңнамамен қолдануға белгіленген жағдайларды есептемегенде, сақтайды;

3.1.17. Қызметтер көрсету барысында қажетті басқа да іс-қимылдарды және әрекеттерді орындайды;

3.1.18. Қазақстан Республикасының заңнамасында және АХҚО қағидаларында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

## **3.2. Компанияның құқықтары:**

3.2.1. Клиенттің Шотына Активтерін алады және сол жерде сақтайды;

3.2.2. егер Клиент ҚР заңнамасының талаптары бойынша білікті инвестор болып табылмаған жағдайда немесе Компанияның ішкі қағидаларына сәйкес білікті инвестор болып мойындалмаған жағдайда, Клиенттік Тапсырысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген білікті инвесторлардың қаражаты есебінен ғана алуға рұқсат етілген Қаржылық құралдарды сатып алуға қабылдамайды;

3.2.3. егер мәміле Уәкілетті органмен немесе Қазақстан Республикасының өзге де уәкілетті органымен бағалы қағаздар нарығында манипуляция жасау мақсатында және (немесе) қылымыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жасыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген жағдайларда жасалған деп танылу тәуекелі бар болса, Клиенттік Тапсырысты орындауға;

3.2.4. Клиентке мәмілелерді жасау туралы ұсынымдар береді (қолданыстағы заңнамамен белгіленген шектеулерді және ерекше талаптарды ескере отырып);

3.2.5. сыйақыны өзінің Тарифіне сәйкес алады, сондай-ақ оның мөлшерін бір тарапты тәртіпте Клиентке осы Шарттың 12-ші бабының 12.2 тармағында қарастырылған тәртіпте күнтізбелік 10 (он) күн бұрын алдын ала ескерткеннен кейін өзгертеді;

3.2.6. егер Клиент осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жататын кез келген төлемдерді мерзімінде төлемеген жағдайда, Компания Клиентке қосымша хабарлама жіберместен және акцептсіз тәртіпте Клиенттің Шотынан немесе Клиенттің ақшалары орналасқан Компанияның шотынан төмендегілерді ұстап қалуға құқылы болады: Мәмілелер бойынша берешек сомаларын, Компанияның Сыйақысын, Салықтарды, сондай-ақ Қызметтер көрсетуге, Клиенттің Активтерімен мәмілелер жасауға немесе оларды сақтауға байланысты Компания өтемақы алуға тиіс шығындар сомасын.

Мәміле жасалған кезде немесе ол жасалғаннан кейін бірден, Клиентке қосымша хабарламай және Клиенттен қосымша келісім алмай, осы Келісім бойынша белгіленген тарифтерге сәйкес Компанияға тиесілі сыйақы сомасын (Компания сыйақысын) Клиенттің шотынан немесе Клиенттің қаражаты орналасқан Компанияның шотынан ұстап қалу;

3.2.7. егер Клиент Компанияға өзінің байланыстарының немесе деректемелерінің өзгергені туралы хабарламаса, оның нәтижесінде Клиентпен байланыс үзіліп қалса, Компания Клиентке Қаржылық құралдар бойынша табыстарды аудару, Клиент туралы ақпаратты ашу және т.б. сияқты жекелеген іс-қимылдарды жүргізген кезде, өзінің қарауына қарай әрекет етуге құқылы болады:

- Клиент туралы қолда бар ақпаратты басшылыққа алады (банктік деректемелер, қолдардың үлгілері және т.б.);

- жағдайды біржақты анықтамайынша, Клиенттің Активтерімен жасалатын кез келген іс-қимылдарды тоқтата тұрады.

Кез келген көрсетілген жағдайларда Компанияның әрекеті тиісті түрде жасалған болып бағаланады;

3.2.8. егер Шарт бойынша міндеттерін Клиент орындамаған жағдайда, осы Шартты орындауды тоқтатата тұрады;

3.2.9. Қаржылық құралдармен іс-қимылдарды жүзеге асырған кезде, Клиенттен қажетті қосымша ақпаратты талап етуге құқылы болады;

3.2.10. егер Компанияның ішкі құжаттарында тыйым көзделмесе, Клиенттің ақшасын өзге клиенттердің мүддесінде пайдалану;

3.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО қағидаларында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

### **3.3. Клиенттің міндеттері:**

3.3.1. Компания осы Шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті барлық ақпаратты Компанияға береді, бұл ретте оның толықтығы, шынымен нақтылығы және уақытында берілуін қадағалауы тиіс;

3.3.2. Компания қылмыстық жолмен алынған табысты жариялау (жалған түрде жинауға) қарсы әрекет бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және лаңкестікті қаржыландыру жағдайларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы заңнама белгілеген талаптарды сақтау мақсатында сұрауы мүмкін кез келген мәліметтерді және құжаттарды Компанияға береді;

3.3.3. Клиенттік Тапсырыспен байланысты Клиенттің Активтерімен Компания жасаған мәмілелермен байланысты барлық тәуекелді мойнына алады;

3.3.4. Компанияға құнды қағаздарды, қолма-қол ақшасыз шетел валютасы және туынды қаржы құралдары сатып алу/сатуға Клиенттік Тапсырыстар береді, сонымен қатар дербес шот бойынша және Компанияның ішкі Қағидаларымен белгіленген нысан бойынша іс-қимылдарды және ақпараттық іс-қимылдарды жасауға клиенттік бұйрықтар береді;

3.3.5. болатын мәміленің мәні болып табылатын Активтердің Шотқа өз уақытында түсуін/бар болуын, оған қоса Компанияның Сыйақысының және осы мәмілені өткізген кезде туындайтын қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың комиссиясының сомасын қамтамасыз етеді (Шарт бойынша Сыйақы). Бұл ретте, Активтерді Клиент тек Клиенттің атына тікелей ашылған Шотқа/Шоттан Шоттан/Шотқа аударуға алады;

3.3.6. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына қарай білікті инвестор болып табылатын және (немесе) Клиентке Компанияның Ішкі қағидаларына сәйкес білікті инвестор мәртебесі берілген жағдайларды есептегенде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білікті инвесторлардың есебінен ғана алуға рұқсат етілген Қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асырмайды;

3.3.7. төлеуге шотты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Компанияның Сыйақысын төлейді, сондай-ақ Клиенттің Активтерімен жасалған мәміле немесе Қызмет көрсетумен немесе оларды сақтаумен байланысты туындаған Компанияның шығындарын өтейді;

3.3.8. Клиент номиналды ұстаушының есеп жүйесінде жеке шот ашу туралы Клиенттік Бұйрықты Компанияға уақтылы ұсынуға тиіс;

3.3.9. осы Шартпен сәйкес Компанияға берілген Қаржылық құралдар, үшінші тұлғалардың талаптарынан, кез келген төлемдерден, кепілдіктерден, ауыртпалықтардан немесе ұстаулардан бос болып табылатынына кепілдік береді;

3.3.10. Компанияға өздерінің сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы осындай өзгерістер туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде жазбаша хабарлайды, оның ішінде, егер Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес осылай жасау талап етілсе, Компания белгіленген нысанда бұйрықтарды жібере отырып хабарлайды;

3.3.11. Қаржылық құралдармен мәмілелерді жасау үшін және дербес шот бойынша іс-қимылдарды жасау үшін қажетті барлық құжаттарды уақытында береді;

3.3.12. Компанияның қызметкерлерінің абайсыздығы немесе міндеттемелерін қасақана орындамауы салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Шартты орындау барысында қандай да бір себептермен Компания көтерген залалдар мен шығындарды Компанияға өтеу;

3.3.13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО қағидаларында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

#### **3.4. Клиенттің құқықтары:**

3.4.1. Компанияның Нақтылы ұстауындағы Активтерге өзінің қарауына қарай өкімдік етуіне құқылы болады;

3.4.2. қолданыстағы заңнама талаптарына, Компанияның Ішкі қағидаларына, АХҚО қағидаларына сәйкес, өзінің Активтерімен іс-қимылдар жасауға Компанияның Бұйрықтарын/Клиенттік Тапсырыстар беруге құқылы болады;

3.4.3. Клиенттің Активтеріне, Клиенттің Активтерінің ағымдағы жағдайына және Компанияның Ішкі қағидаларымен белгіленген нысан бойынша олармен жасалған іс-қимылдардың тарихына қатысты Компанияның әрекеті туралы кез келген ақпаратты алуға құқылы болады;

3.4.4. Компаниядан есепті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ол бойынша наразылықтарды білдіреді, қарсы жағдайда есеп Клиентпен қабылданған болып саналады;

3.4.5. Компаниядан оның лицензиялық талаптарына және ҚР заңнамасының басқа талаптарына сәйкес Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға құқылы болады;

3.4.6. Компанияға құнды қағаздардың және басқа да қаржылық құралдардың белгілі бір түрлеріне қатысты және (немесе) Компанияның Ішкі қағидаларына сәйкес, егер ол ҚР заңнама белгілеген талаптарға сәйкес болған жағдайда өзін білікті инвестор деп мойындау туралы өтініш білдіруге құқылы болады;

3.4.7. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО қағидаларында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

## **4. КЛИЕНТТІК ТАПСЫРЫС/БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕРУ ТӘРТІБІ**

### **4.1. Клиенттік Тапсырыс**

4.1.1. Компания Клиенттің Қаржылық құралдарымен кез келген мәмілелерді, оның ішінде қолма-қолсыз шетелдік валютаны сатып алу және сату бойынша мәмілелерді жасаған кезде және орындағанда, осы Шарттың талаптарына сәйкес Клиенттік Тапсырыс негізінде әрекет етеді, ал Клиенттің Шоты бойынша іс-қимылдарды жүргізген кезде Клиенттік Бұйрықтың және (немесе) Клиенттік Шот бойынша іс-қимылдарды жүргізуін көздейтін эмитенттің корпоративтік әрекеттеріне қатысуға жазбаша өтініші негізінде әрекет етеді.

4.1.2. Клиент Клиенттік Тапсырысты бергенге дейін немесе Компания белгілеген мерзім ішінде Клиенттік Тапсырыста көрсетілген соманы аударады немесе оның Шотында Клиенттік Тапсырыста көрсетілген ақша және (немесе) Қаржылық құралдардың көлемінен кем емес мөлшерде ақша және (немесе) Қаржылық құралдардың бар болуын қамтамасыз етеді, соның ішінде осы Шарт бойынша Компанияның сыйақысын төлеу мақсатында. Бұл ретте, Компанияның сыйақысына арналған қажетті сома Шотта болмаған

жағдайда, Компания Клиенттік Тапсырысты Компанияның барлық ықтимал сыйақылары мен мәмілемен байланысты салықтардың мөлшеріне азайтылған сомаға орындауға құқылы.

4.1.3 Клиент Компанияға Компанияның Интернет-ресурсында көрсетілген деректемелер бойынша қолма-қол, курьермен, пошта арқылы немесе электронды пошта арқылы Клиенттік Тапсырыстар және (немесе) Клиенттік Бұйрықтар береді. Клиенттік Тапсырыстар және (немесе) Клиенттік Бұйрықтар нақты алынған сәтте алынған болып саналады. Егер Клиенттік Тапсырыс электронды пошта арқылы алынса, Клиент Клиенттік Тапсырыстың түпнұсқасын қолма-қол, курьермен, пошта арқылы он (10) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті. Клиент Клиенттік Тапсырыстың түпнұсқасын көрсетілген мерзімде бермеген жағдайда, Компания Клиентке Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқылы болады.

4.1.4. Клиент Клиенттік Тапсырыстың балама түрлерін мына құралдар арқылы пайдалануға құқылы болады:

- a) қолдың факсимильді құралдар және (немесе) электронды түрде қойылуы немесе жеке қойылған қолдың аналогын механикалық немесе басқа түрде көшіру арқылы;
- b) электрондық құжат айналымы механизмдері арқылы;
- c) ЭЦҚ және /немесе клиенттің динамикалық сәйкестендіргішін пайдалану арқылы интернет-трейдингтің жүйесімен (веб-нұсқа/ мобильді қосымша);
- d) телефон байланысы арқылы, не нақты уақыт режимінде мәтіндік (дауыстық) хабарламалармен алмасу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы. Көрсетілген тәсілдермен тапсырыстарды беру талаптары Компанияның Ішкі қағидаларымен және осы Шартпен белгіленеді.

4.1.5. Осы Шарттың 4-баптың 4.1-тармағының 1.4. тармақшасында көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен Клиенттік Тапсырысты берумен байланысты барлық тәуекелдерді тек Клиент қана мойнына алады. Себебі, байланыстың балама түрлері арқылы Клиенттік Тапсырысты беру тиісті түрде қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды, Клиент осындай байланысты пайдаланудың барлық және кез келген тәуекелін, оған қоса, онымен шектелместен, Клиенттің атынан қате немесе нақты емес тапсырыстарды берудің, Клиенттік Тапсырысты беру үшін кез келген аппаратты алаяқтық, уәкілеттенбеген немесе тиісті түрде пайдаланған үшінші тұлғалардың кез келген рұқсат етілмеген араласу мүмкіндігін қоса алғанда, өзінің мойнына алады.

4.1.6. Клиенттік Тапсырыстар/Бұйрықтарды орындауға қабылдаудың растау белгісі, Компанияның мұндай тапсырыс/бұйрықтың түпнұсқасына тиісті белгіні қоюы, ал тапсырыс/бұйрық электрондық цифрлық қол немесе клиенттің динамикалық сәйкестендіргішін пайдалану арқылы интернет-трейдингтің жүйесін (веб-нұсқа/ мобильді қосымша) пайдалану арқылы берілген жағдайда – көрсетілген тәсілмен тапсырыстар/бұйрықтар беру үшін бағдарламалық қамтамасыз етуде Компания беретін тиісті мәртебені беру туралы белгі болып табылады.

4.1.7. Осы Шартты 4-баптың 4.1-тармағының 4.1.4-тармақшасында көзделген байланыстың баламалы түрлері арқылы берілген Клиенттік тапсырыстар компания баламалы байланыс түрлерімен берілген клиенттік тапсырыстар тізіліміне енгізеді. Көрсетілген тізілім әрбір клиент бөлінісінде толтырылады және бір айға тең кезең үшін жүргізіледі.

4.1.8. Байланыстың балама түрлері арқылы Клиентпен Клиенттік Тапсырыс берілген есепті ай аяқталғаннан кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде, Компания Клиентте немесе оның Уәкілетті тұлғасында осындай тәсілмен берілген Клиенттік Тапсырыстардың тізіліміне қол қоюға құқылы болады. Клиенттің немесе оның Уәкілетті тұлғасының жоғарыда көрсетілген тізілімге қол қоюы, байланыстың балама түрлері арқылы Клиентпен немесе оның уәкілеттенген тұлғасымен берілген Клиенттік Тапсырыстың түпнұсқалығын растайды. Бұл жағдайда, Компания Клиентке осы Шарттың 4.1.7. тармағындағы көрсетілген талаптарды қолданбауға құқылы болады. Егер көрсетілген мерзім өткеннен кейін Клиент тізілімге қол қоймаса немесе тізілімде көрсетілген деректермен келіспейтіні туралы жазбапа түрде хабарламаса, тізілім Клиент тарапынан тиісінше қол қойылған деп есептеледі, бұл туралы Компания тізілімде тиісті белгі қояды.

Тізілімдегі деректер мен телефон немесе бейнежазба деректері арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда, артықшылық телефон немесе бейнебайланыс арқылы берілген Клиенттік Тапсырыстың түпнұсқалығын растайтын Клиенттік Тапсырыстың дауыстық немесе бейнежазбасына беріледі. Мұндай сәйкессіздік анықталған кезде Компания тізілімге тиісті өзгерістер енгізуі тиіс.

4.1.9. Клиенттің қалауы бойынша, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығының электронды цифрлық қолының (ЭЦҚ) сертификатын алдын ала алып, Компанияның Интернет-трейдинг жүйесіне қол жетімділікті алуға болады. Интернет-трейдинг жүйесі арқылы тапсырыс бергенге дейін,

Клиент Компанияның сауда платформасының бас парағында өзінің ЭЦҚ-сын тіркеуден өткізуі керек. Компанияның сауда платформасы өз бетінше (автоматты түрде) Клиенттің аутентификациясын ЭЦҚ-сын оның шындығына тексеру немесе Компанияның ішкі қағидаларында және/немесе электрондық қызметтер көрсету туралы шартта көзделген аутентификацияның өзге де құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

4.1.10. Компанияның Интернет-трейдинг жүйесінде қызметтер көрсетуі Компанияның интернет-ресурсында орналастырылған және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын электрондық қызметтерді ұсыну туралы шартпен реттеледі. Электрондық қызметтерді көрсету туралы шарт осы Шартқа баламалы қосымша болып табылады, яғни клиент Интернет-трейдинг жүйесінде тіркелген/аутентификацияланған және ол электрондық қызметтерді алған жағдайда ғана клиентпен жасалған болып саналады.

Компания мына әрекеттер үшін жауапкершілікте болмайды:

- Клиенттің атынан Интернет-трейдинг жүйесіне рұқсат етілмеген қол жетімділік үшін;
- оған байланысты емес, Интернет-трейдинг жүйесіндегі кез келген техникалық проблемалар (жұмысты тоқтату немесе тоқтата тұру немесе кез келген бұзылулар) үшін.

4.1.11. Компания кез келген уақытта өзінің қарауы бойынша, егер қол жетімділікті үшінші тұлғалар алғаны туралы күдігі бар болғанда немесе егер Клиенттің Интернет-трейдинг жүйесін пайдаланумен жасалған әрекеттері Сауданы Ұйымдастырушының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, сондай-ақ алдын ала Клиентке ескерте отырып, Интернет-трейдинг жүйесін үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін Компаниямен берілетін талаптар мен шектеулерге сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмеуге әкелетін жағдайларда, Клиенттің Интернет-трейдинг жүйесіне қол жетімділігін тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы болады. Бұл хабарлама Клиентке кез келген тәсілмен Компанияның қарауына қарай, оған қоса, бірақ онымен шектелместен, Клиенттің электронды поштасына хабарлама жіберумен немесе телефон бойынша ауызша хабарлаумен жіберілуі мүмкін. Клиент Компанияның Интернет-трейдинг жүйесі арқылы қол жетімді қызметтерінің және Қаржылық құралдарының тізбесін өз бетінше айқындайды.

4.1.12. Клиенттік Тапсырыстар және (немесе) Клиенттік Бұйрықтар / жазбаша өтініштерге тек қана Уәкілетті тұлғалар ғана қолдарын қоя алады және оларды бере алады.

4.1.13. Қолданыстағы заңнамамен және Компанияның Ішкі қағидаларымен сәйкес, Компания орындауға Клиенттік Тапсырыстар және (немесе) Клиенттік Бұйрықтарды қабылдамау туралы шешім қабылдай алады немесе Клиенттік Тапсырыстар және (немесе) Клиенттік Бұйрықтардың орындалуын мынандай жағдайларда, тоқтата алады:

- a) егер тиісті мемлекеттік органдардың немесе соттың құнды қағаздардың айналымын тоқтата тұру туралы немесе тоқтату туралы шешімі бар болса;
- b) Клиенттік Тапсырыста мәмілені жасау немесе орындау үшін ақпарат жеткіліксіз берілген және (немесе) толық емес, екі мағыналы, осы Шарттың талаптарына қайшы келетін немесе Компания белгілеген нысан бойынша ресімделмеген жағдайда;
- c) Компания Компанияға Клиенттік Тапсырысты орындауға тыйым салатын тиісті кастодианнан немесе мемлекеттік органдардан құқықты нұсқау алған жағдайда;
- d) Клиент осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда;
- e) Клиентте Клиенттік Тапсырыспен көзделген Активтер жоқ болған жағдайда, оның ішінде Клиент Компанияның шотына ақшаны уақытында аудармаған жағдайда, оның ішінде не Компанияның сыйақысын есептемей толық емес көлемде аударған жағдайда;
- f) Клиенттік Тапсырыс осы Шарттың талаптарымен белгіленген тәртіпте берілмеген жағдайда;
- g) Компания жеткілікті негіздемелерде, Клиенттік Тапсырысты орындау кез келген сауда немесе тіркеу қызметтерінің сынуы, бұзылуы немесе бас тартуы салдары бойынша жүзеге асырылмайтындай немесе мүмкін болмайтындай деп ойлаған жағдайда;
- h) егер факс немесе электрондық пошта бойынша (сканирленген түрде) берілген Клиенттік Тапсырыс/Бұйрықты Компания сөзсіз түрде Клиенттік Тапсырыстың/Бұйрықтың факстық немесе сканирленген нұсқасының сапасы нашар болуына байланысты қабылдай алмайтын жағдайда;
- i) Клиенттік Бұйрықты Компания алған сәттен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде іс-қимылды жасауға контрагенттің қарсы бұйрығы жоқ болған жағдайда;

- ж) Клиенттік Тапсырыста/Бұйрықта көрсетілген дербес шот немесе субшот жабылып тұрған жағдайда;
- к) Осы Шартпен белгіленген мерзімде Клиент Компанияға Клиент бұрын Компанияға байланыстың балама түрлерімен жіберген Клиенттік Тапсырыстарының/Бұйрықтарының түпнұсқаларын бермеген жағдайда;
- л) Клиенттің осы Шарт бойынша Сыйақыны төлеу жөніндегі Компания алдындағы берешегінің болуы немесе Клиенттік Тапсырыс/Бұйрықты орындау барысында осындай берешектің туындауы және/немесе Клиенттің Компанияның Сыйақысын төлеу үшін ақшасының болмауы (жеткіліксіз болуы);
- м) Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда, ірі қатысушы мәртебесін алуға қаржылық нарық және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалауын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімін растайтын құжатты, мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзімде бермеуі;
- н) Клиенттің, оның Уәкілеттенген тұлға және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің немесе клиенттің тапсырысы/бұйрығы берілген бағалы қағаздар шетел мемлекеттерінің санкциялық тізімдеріне енгізілу (болу) дерегі анықталған жағдайда, соның ішінде, бірақ АҚШ, Ұлыбритания Біріккен Корольдік немесе Еуропа Одағы енгізген экономикалық санкциялармен шектелмей, осы Шарттың 11-баптың 11.4. тармағына сәйкес Шарттың қолданысын әрі қарай тоқтату мүмкіндігімен.

4.1.14. Компания Клиенттік Тапсырысты мына жағдайларда қабылдамайды:

- а) Клиенттік Тапсырыстың мазмұнында құнды қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы шартқа қайшы келетін мағына болған жағдайда;
- б) егер Клиенттік Тапсырыс берілген Қаржылық құралдар ауыртпалықта болған жағдайда немесе тиісті мемлекеттік органдардың не соттың Клиенттік Тапсырыс/Бұйрық берілген құнды қағаздардың айналымын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімдері бар болған жағдайда;
- с) Клиенттік Тапсырыстағы (қағаз тасымалдағыштағы) Клиенттің қолы сырттай қарағанда, қолдардың үлгілері бар нотариалды түрде куәландырылған құжатта көрсетілген Клиенттің қолдарына (оның ішінде, клиенттік тапсырысқа қол қою құқығына иелік ететін заңды тұлғаның өкілдерінің қолдарына), немесе жеке тұлғаның (оның ішінде оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттағы қолдарға сәйкес келмеген жағдайда, егер Клиенттік Тапсырысқа Клиент Компанияның жауапты қызметкерінің қатысуында қол қоймаған жағдайда;
- д) Клиенттік Тапсырыс телефон байланысы арқылы берілген кезде, осы Шартта, Ішкі қағидаларда және Компанияның өзге де ішкі құжаттарында айқындалған талаптар мен тәртіпке сәйкес Клиентті сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;
- е) осы шартпен және Компанияның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа жағдайларда қабылдамайды.

4.1.15. «Репо» іс-қимылдары, сондай-ақ осы Шарттың аясында Клиенттік бұйрықпен сәйкес Компаниямен жүзеге асырылатын мәміленің мәні болып табылатын қаржылық құралдарды кері сатып алу немесе сату міндеттемесін қарастыратын «Репо» іс-қимылдары болып табымайтын іс-қимылдар, 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен (көрсетілген іс-қимылдардың бастапқы мерзімін ұзартуды есепке ала отырып) аспайтын мерзімде жасалады.

4.1.16. Компанияның шоттарында жатқан Клиенттің Активтерінің минималды құны, тұрақты, жасалған маржалық мәмілелер бар болғанда, маржаның шектеулі деңгейін есепке алмастан, Клиенттің Тапсырмасы бойынша «тікелей» тәсілмен қор биржасының сауда жүйесінде Компаниямен жасалған «репо» ашудың барлық іс-қимылдарының сомасынан 30% (отыз пайыз) кем еместі құрайды. Осы тармақтың талаптары, Компания «тікелей» тәсілмен қор биржасының сауда жүйесінде, орталық контрагент қызметін пайдалана отырып жасалған «репо» іс-қимылдарына таратылмайды.

4.1.17. Клиенттік Тапсырыс, егер оны орындағанға дейін, біріншінің параметрлеріне ықпал ететін келесі Клиенттік Тапсырыс түссе, жойылады. Егер Клиенттік Тапсырысты Компаниямен орындап қойған жағдайда, оның параметрлерін өзгертетін Клиенттік Тапсырыстар, орындалмайтын болады.

4.1.18. Клиент мәмілені жасағанға дейін Клиенттік Тапсырысты кері қайтаруға құқылы болады. Клиенттік Тапсырысты кері қайтарғанға дейін, Клиент тиісті түрде Клиенттік Бұйрықты беруі тиіс. Бұл ретте Компания Клиенттік Тапсырысты кері қайтару үшін барлық пайымды күш жігерін салады, алайда Клиенттік Тапсырыс бойынша мәміле (лер) жасалған жағдайда жауапкершілікті мойнына алмайды.

## 4.2. Есептілік

4.2.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Компания Клиентке оның сұрауы бойынша мынадай есептерді жібереді:

- a) ҚР Заңнамасының және ішкі Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделетін шоттан үзінді көшірме;
- b) Қаржы құралдарының қалдықтары болған жағдайда Қаржы құралдары мен ақшаның қозғалысы туралы есептер;
- c) 2-баптың 2.1-тармағының 2.1.2-тармақшасында көрсетілген операциялар бойынша есептер осы Шарттың;

4.2.2. Клиентке Клиенттік Тапсырыстың орындалуы/орындалмауы туралы есеп беріледі:

4.2.2.1 Клиенттік Тапсырысты қағаз жеткізгіште немесе баламалы байланыс түрлерімен Компания белгілеген нысан бойынша 1 (бір) күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей берген кезде:

- Компания Клиенттік Тапсырысты орындаған жағдайда немесе қажет болған жағдайда, үшінші тұлғалардан тиісті операция орындалған жағдайда оның жүргізілгені туралы растауды алған күннен кейін;
- Компания Клиенттік Тапсырысты орындамау үшін негіздерді немесе себептерді анықтаған кезде-ол орындалмаған кезде;

4.2.2.2. Клиенттік Тапсырысты ЭЦҚ немесе Интернет-трейдинг жүйесіндегі Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы берген кезде оның сұранысы бойынша Интернет-трейдинг жүйесінде.

4.2.3. Клиенттік Тапсырыстың орындалуы/орындалмауы туралы есепті алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиент Компанияға осындай есепте қамтылған кез келген қателер немесе бұзушылықтар туралы жазбаша түрде хабарлауға тиіс, әйтпесе Клиент Клиенттік Тапсырыстың орындалуы/орындалмауы туралы есепті қабылдады деп есептеледі.

## 5. СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР

5.1. Клиент Компанияға қосылу туралы өтінішке сәйкес Клиент қосылған және компанияның Интернет-ресурсында орналастырылған тарифтерге сәйкес осы Шарт бойынша Компанияның тікелей қызмет көрсетуі үшін сыйақы төлейді, сондай-ақ осы Шарттың 5-бабының 5.2-тармағының 5.2.2-тармақшасында көзделген, Компания Қызметтерді көрсетуге байланысты шеккен кез келген шығындарын өтейді

5.2. Осы Шарт бойынша сыйақы (бұдан әрі және мәтін бойынша – “Сыйақы”) мынадан тұрады:

5.2.1. Компанияның тарифтерімен сәйкес, белгіленетін Клиенттік Тапсырыстарды/Бұйрықтарды орындағаны үшін белгіленген сыйақыдан;

5.2.2. Компанияның Клиенттік Тапсырыстарды/Бұйрықтарды орындағаны үшін Компанияның тарифтеріне сәйкес белгіленетін тұрақты комиссиялық сыйақысынан.

- орталық депозитарийдің, сауданы ұйымдастырушылардың, кастодиандардың, банктердің, нақтылы ұстаушылар қызметін жүзеге асыратын тиісті халықаралық ұйымдардың сыртқы брокер-дилерлерлерінің, Клиенттің құнды қағаздарымен мәмілелерге қызмет көрсетуге қатысқан құнды қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушыларының қызметін төлеу бойынша шығындардан;

- құнды қағаздарды аударумен байланысты және Клиенттің ақшасын алдыңғы азатжолда көрсетілген тұлғалардың біреуінен Компания бастамашылық жасаған екіншісіне (оның ішінде, кастодианды, нақтылы ұстаушыны немесе Клиенттің құнды қағаздарымен мәмілелерге қызмет көрсетуге қатысқан құнды қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушыларын ауыстыру), нарықтық жағдайға және Компанияның сияқты Клиенттің де шығындарын оңтайландырып, бұл ретте Клиенттен қандай да бір өкімдер немесе Клиенттік Тапсырыстар/Бұйрықтарды алмастан аударумен байланысты шығындардан тұрады.

5.3. Компанияның тарифке сәйкес есептелген құнды қағаздарды сатып алуға Клиенттік Тапсырысты орындағаны үшін берілетін сыйақы, Клиентпен Компанияның шотына құнды қағаздарды сатып алу үшін ақша ауыстырумен бір мезгілде, кейін Компания сыйақы сомасынан ұстап қала отырып аударылуы мүмкін.

5.4. Компанияның тарифке сәйкес есептелген құнды қағаздарды сатып алуға Клиенттік Тапсырысты орындағаны үшін берілетін сыйақы, құнды қағаздарды сатудан алынған ақшаның сомасынан Компаниямен ұсталуы мүмкін.

5.5. Компанияның Клиенттік Бұйрықтарды орындағаны үшін алатын сыйақысы (дербес шот бойынша іс-қимылдарды және ақпараттық іс-қимылдарды жүзеге асыру) Компанияның шотында бар Клиенттің ақшаларынан Компанияның тарифіне сәйкес Клиенттік Бұйрықты орындау күні Компаниямен ұсталып қалуы мүмкін.

5.6. Осы Шарттың шарттарын орындау (Қызметтерді көрсету үдерісінде) барысында туындайтын және Компанияның Сыйақысына кіретін Компанияның шығындары, Компанияның шотына Клиенттен немесе Клиенттің пайдасына түскен ақшалардың кез келген сомасынан ұсталып қалуы мүмкін.

5.7. Осы Шартпен Клиент Компанияға әрбір көрсетілетін Қызмет бойынша Клиенттен немесе Клиенттің пайдасына Компанияның шотына түскен ақшалардың кез келген сомасынан жоғарыда 5-баптың 5.2-тармағының 5.2.2-тармақшасында көрсетілген тұрақты комиссиялық сыйақы мен жұмсалған шығындар сомаларын ұстап қалуға сөзсіз келісін береді. Компанияның шотында Клиенттің теңгемен ақшасы болмаған жағдайда, ал Клиенттің осындай шотында шетел валютасындағы ақшасы болған кезде, Компанияның комиссиялық сыйақы сомасы мұндай шетел валютасындағы ақшадан алдын ала оларды теңгеге конвертациялау арқылы ұсталып қалуы мүмкін. Бұл ретте шетел валютасын теңгеге конвертациялау Компания тиісті соманы ұстайтын күні кастодиан белгілеген валюта сату бағамы бойынша жүргізіледі және конвертацияланатын ақшадан кастодианның тарифтерімен белгіленген конвертация жүргізу комиссиясының сомасы ұсталады. Осымен Клиент Компанияға Компанияның шотына Клиенттен түсетін немесе Клиенттің пайдасына түсетін ақшалардың кез келген сомасынан комиссиялық сыйақының сомасын ұстап қалуға шартсыз келісін береді. Компанияның шотында теңгемен ақша жоқ болған жағдайда, Компанияның комиссиялық сыйақысының сомасы, алдын ала теңгеге ауыстырылған шетелдік валютадағы осындай ақшалардан ұсталады. Бұл ретте, шетелдік валютаны теңгеге конверттеу, тиісті соманы Компания ұстайтын күні, теңгеге валютаны сату кастодиан белгілеген бағам бойынша, ауыстырылатын ақшадан кастодианның белгілеген тарифімен конвертация жүргізу үшін комиссия сомасын алу арқылы жүргізіледі.

5.8. Осы Шарттың 5.3.-5.7. тармақтарымен сәйкес, сомаларды ұстау нәтижелері бойынша, Компания ай сайын ұсталған белгіленген сыйақыға қатысты – есепті кезеңнен кейінгі келесі айдық 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, ал сыйақыға кіретін шығындарға қатысты – есепті кезеңнен кейінгі келесі айдық 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей, Клиентке есепті айда ұсталған сомалар туралы электронды немесе қағаз түрінде хабарлама жіберіп тұрады. Бұл ретте Клиентке тиісті сомаға төлем туралы шот, сонымен қатар, есепті айдағы орындалған Қызметтердің Актісін екі данада береді, оның біреуіне Клиент қолын қойғаннан кейін, сол қол қойылған данасы Компанияға қайтарылады. Бұл ретте, орындалған Қызметтердің Актісі және төлеуге берілген тиісті шот Клиентке (заңды тұлғаға) осы Шарттың 5.3.-5.7. тармақтарымен сәйкес, Компанияның ұстауларынан немесе Клиенттің есепті айдағы Компанияның комиссиялық сыйақысының толық көлемінде өз бетінше төлеуінен бұрын берілмейді.

Есепті айдағы ұсталған сомалар туралы жоғарыда көрсетілген хабарламалар және есепті кезеңдегі орындалған Қызметтердің Актісі, Шартта берілген деректемелер бойынша Компаниямен жіберіледі. Клиент Компанияға қол қойылған орындалған Қызметтердің Актісінің бір данасын қайтарады немесе Компанияға орындалған Қызметтердің Актісін жіберген күннен бастап есептелетін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оған мотивациясы көрсетілген қол қоюдан бас тартуды жібереді. Егер Компания көрсетілген күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Клиенттен қол қойылған орындалған Қызметтердің Актісін немесе оған мотивациясы көрсетілген қол қоюдан бас тартуды алмаса, Тараптар орындалған Қызметтердің Актісіне қол қойылған деп, ал қызметтер осындай орындалған Қызметтердің Актісінде көрсетілген көлемде және талаптарда Компаниямен көрсетілген және Клиентпен қабылданған болып саналатын болады. Клиенттің көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюдан дәлелді түрде бас тартуы жағдайында, Тараптар бұл мәселені барынша қысқа мерзімде, бірақ Компания Клиенттің дәлелді бас тартуын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей реттеу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды.

5.9. 5-баптың 5.3.-5.7. тармақтары осы Шартты қарастырылған жағдайларда Сыйақыны төлеу үшін Компанияның шотында Клиенттің ақшасы жеткіліксіз болғанда, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей, күнтізбелік айдың нәтижелері бойынша Компания, Клиентке белгіленген комиссиялық сыйақының төлеу шотын ұсынады, және есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей – Сыйақыға кіретін шығындардың төлеміне шоттар ұсынылады.

5.10. Клиент Компания ұсынған шоттарды осы Шарттың 5.9. тармағына сәйкес төлеуді, егер осы Шарттың талаптарына сәйкес Шоттан тікелей ұсынылған сома есептен шығарылмаған болса, Клиенттің тиісті шотынан Компания шоты берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүзеге асырады.

5.11. Шоттар көрсетілген мерзімде төленбеген жағдайда, Клиент Компанияға төлеуді кешіктірген әрбір күн үшін төлеуге жататын сомдан 0,1% (нөлдік нүкте бір пайыз бір пайыз ) көлемінде өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

Тұрақсыздықты төлеуді жүзеге асыру туралы талап жәбірленуші Тараптың құқығы болып табылады және соңғымен жазбаша нысанда беріледі.

5.12. Осы Шарт бойынша Клиентпен төленуге жататын барлық төлемдер, таза түрде, ешбір есептерсіз, талаптарсыз немесе қолданылатын Салықтарсыз жүзеге асырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес, Клиент осындай кез келген төлемнен өтеулер немесе ұстауларды жүргізуге міндетті болса, Клиенттің Компанияға төлейтін сомасының көлемі, егер барлық өтеулер мен ұстауларды жүргізгеннен кейін Компания, егер осындай өтеулер мен ұстаулардың қажеті болмаған кезде алатын сомаға тең соманы алатындай көлемге арттырылуы тиіс. Егер төлем көзінен салық қолданылса, Клиент Компанияға, Компания талап етуі мүмкін, салықты төлегені туралы хабарламаның түпнұсқасын немесе куәландырылған көшірмесін ұсынады.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Осы Шарт бойынша Тараптар өздерінің міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО қағидаларымен және осы Шартпен сәйкес жауапкершілікте болады.

6.2. Клиент өзінің тәуекеліне қарай инвестициялық шешімдер қабылдайды және Компания осы шешімдердің салдарлары үшін, егер ол осы Шарттың талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын, АХҚО қағидаларын бұзбаған болса, ешқандай да жауапкершілікте болмайды. Клиент Клиенттің есебінен, оның мүдделеріне және оның атынан жасалған мәмілелерден туындайтын немесе онымен байланысты барлық тәуекелдерді қабылдайды.

6.3. Клиент осымен Қаржылық құралдарға инвестициялар өздерінің сипатына қарай тәуекелді болып табылатынымен, Клиенттің құнды қағаздармен жасаған іс-қимылдарынан (мәмілелерінен) залал алу немесе табыстың жоқ болуы Клиенттің өзінің меншікті тәуекелі болып табылатынымен және Компанияның жауапкершілігі болып табылмайтынымен келіседі және осыларды растайды. Клиент Қаржылық құралдармен немесе Қаржылық құралдармен болған мәмілелермен немесе Қызметтермен байланысты кез келген шығындар, залалдар және міндеттемелер үшін жауапкершілікте болады және осымен Компанияны, оның қызметкерлерін, аффилирленген тұлғаларды, кеңесшілерді және өкілдерді (бұдан әрі – «**Босатылатын тұлғалар**»), Клиенттік Тапсырыстарды және Клиенттік Бұйрықтарды орындау немесе Қызметтерді ұсыну нәтижесінде туындауы мүмкін кез келген жауапкершіліктерден босатады, бұл ретте, Компания және басқа Босатылатын тұлғалар, осы Шартпен сәйкес, Қызметтерді ұсыну нәтижесінде Клиентте немесе үшінші тұлғаларда туындауы мүмкін кез келген сипаттағы және кез келген нысандағы кез келген залалдар, шығындар, жоғалтулар үшін, Компанияның және басқа Босатылатын тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздіктері) осы Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жағдайда, жауапкершілікте болмайды. Клиент осы Шартпен сәйкес Клиентке Қызметтерді көрсетумен байланысты туындайтын немесе соған жататын кез келген залалдардан, міндеттемелерден, шығындардан, талап арыздардан, наразылықтардан, соттық даулардан Компанияны, егер осындай залалдар, міндеттемелер, шығындар, талап арыздар, наразылықтар, соттық даулар басқа Босатылатын тұлғалардың (бұл ретте Клиенттің қатаң салақтықты немесе міндеттемелерді қасақана орындамауды жасамаған Босатылатын тұлғаның алдындағы міндеттемелеріне әсер етпестен) қатаң түрдегі салақтығының немесе міндеттемелерін қасақана орындамауының кесірінен болған жағдайларды есептемегенде, босатуға келіседі. Компания кінәлі болып мойындалған жағдайда, оған қоса ол соттың күшіне енген шешіміне сәйкес қасақана міндеттемелерді орындамаған немесе қатаң түрде салақтық жасаған деп мойындалған жағдайда, Клиент Компанияның жауапкершілігі оған тек құжатты түрде расталған нақты залалдың сомасын ғана өтеумен шектелетініне, және ешқандай да жағдайларда Компания кетіріп алған пайданы Клиентке өтейтінімен келіседі. Клиент осымен өзінің Босатылатын тұлғаға қандай да бір наразылықтарды және талап арыздарды ұсынудан бас тартуы, өзінің еркімен және өзінің мүддесіне қарай жүзеге асырылғанын растайды.

6.4. Клиент сонымен қатар, Компанияның осы Шартқа, Қызметтерге немесе мәмілелерге қатысты Клиент үшін кез келген Салықтарды ұстағаны және төлегені үшін кез келген мемлекеттік органдар алдында, Компания егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, салықтық агент ретінде әрекет етсе және

төлем көзінен салықты ұстауға міндетті болған жағдайды есептегенде, жауапкершілікте болмайтынын растайды. Клиентке осы Шарт жасалған күні Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес осы Шарт шеңберінде клиенттің қызметтеріне немесе кез келген мәмілелеріне қатысты салық агенті болып табылмайтындығы туралы хабарланады.

6.5. Компания Клиентке орындалуы мүдделердің қақтығыстарының туындауына әкелген және нәтижесінде Клиент мәмілелер бойынша залалдарға түсірген, Қаржылық құралдармен мәмілелерді жасағаны және Клиенттік Тапсырыста тиісті жазба жасау туралы ұсыным берген жағдайда, Компания Клиентке құжатты түрде расталған залалдарды және мәміле бойынша дәлелденген залалдың сомасынан 0,01% (нөлдік нүкте бір пайыз) көлемде тұрақсыздықты төлейді.

6.6. Егер Клиент осы Шарт бойынша қандай да бір өзінің міндеттемелерін бұзумен байланысты, Компанияға залал келтірілген жағдайда, Клиент осындай залалдарды толық көлемде, Компания тиісті талаптарды берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтейді.

6.7. Компания осы Шарттың 4-баптың 4.1- тармағының 4.1.13., 4.1.14.-тармағында қарастырылған негіздемелер бойынша, Клиенттік Тапсырыс/Бұйрықтарды орындамағаны үшін Клиент алдында жауапкершілікте болмайды.

6.8. Осы Шартпен белгіленген ақшаларды аудару мерзімін бұзғаны үшін, Компания Клиенттен төлеуді талап етуге құқылы, ал Клиент Компанияға аударуға жататын сомадан, міндеттемелерді орындауды кешіктірген әрбір күні үшін, 0,01% (нөлдік нүкте бір пайыз) көлемде тұрақсыздықты төлеуге міндетті болады.

6.9. Осы Шартпен қарастырылған тұрақсыздықтарды төлеу, кінәлі Тарапты осы Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.10. Осы Шарттың қарастырылған залалдар, тұрақсыздықтар, өзінің міндеттемелерін бұзған Тараптың, екінші Тараптан тиісті талаптарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтеуіне/төлеуіне жатады. Бұл ретте, Шарттың осы бабымен қарастырылған залалдар/тұрақсыздықтардың сомасын және Клиентпен Компанияның пайдасына төлеуге жататын сомасын Клиенттен немесе Клиенттің пайдасына Компанияның шотына түсетін ақшалардың кез келген сомасынан ұсталуы мүмкін. Осымен Клиент Брокерге залалдар/тұрақсыздықтардың сомасын және Клиентпен Компанияның пайдасына төлеуге жататын сомасын Клиенттен немесе Клиенттің пайдасына Компанияның шотына түсетін ақшалардың кез келген сомасынан ұстауға шартсыз келісімін береді.

6.11. Компания Клиенттің құнды қағаздарына қатысты немесе олар үшін төлеуге жататын қандай да бір салықтар немесе баждар үшін, сонымен қатар Клиенттің құнды қағаздарының құнының азаюы үшін ешқандай да бір жауапкершілікте болмайды.

6.12. Осы Шарттың талаптарына сәйкес, соның ішінде Клиенттің, оның Уәкілеттенген тұлға және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің немесе Клиенттің Тапсырысы/Бұйрығы берілген бағалы қағаздар шетел мемлекеттерінің санкциялық тізімдеріне енгізілуіне (болуына) байланысты, соның ішінде, бірақ АҚШ, Ұлыбритания Біріккен Корольдік немесе Еуропа Одағы енгізген экономикалық санкциялармен шектелмей, үшінші тұлғалардың Клиенттік тапсырыстарды орындауды тоқтатқан/орындаудан бас тартқан жағдайда Компания өзі қатыстырған үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері, әрекетсіздіктері немесе қателіктері үшін жауапкершілік алмайды.

6.13. Компания Клиенттің мүлкін, егер Клиенттің Компания алдында борыштары бар болған жағдайда, ұстап қалуға құқылы болады.

6.14. Компания Шарт бойынша міндеттемелерді Клиенттің орындамауы не тиісті түрде орындамауы нәтижесі болып табылатын, оның ішінде клиенттің Компанияға өзінің сауалнамалық деректерін (банктік деректемелерін, уәкілетті тұлғалардың шын мәнінде өкілеттіктерін және т.б.) өзгерткені туралы ескерпегенімен/уақытында ескертпегенімен байланысты келтірілген залалдары үшін, Клиенттің алдында жауапкершілікте болмайды.

6.15. Компания Клиенттің алдында эмитенттің әрекеті үшін, оның қаржылық құралдары, дивидендтері, купондық төлемдері мен қаржылық құралдары бойынша басқа да табыстары бойынша төленбеген бөлігіндегі әрекеттері үшін жауапкершілікте болмайды.

6.16. Компания Эмитент құнды қағаздарды және басқа да қаржылық құралдарды, салықтарды және есептелген дивиденттерден, купондық төлемдердің сомасынан және ол шығарған құнды қағаздар мен қаржылық құралдар бойынша басқа табыстардан түскен сомалардан кез келген басқа да сомаларды құқықсыз ұстағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

6.17. Компания Клиентке келтірілген залалдары үшін жауапкершілікте болмайды, егер соңғысы Компанияның кінәсінен болмаса, сонымен қатар Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамағаны және тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол осы Шарттың 7-ші бабы белгілеген адамның күші жетпейтін жағдайлардың әрекетімен туындаған болса, жауапкершілікте болмайды.

6.18. Клиент өзінің Бұйрығымен сәйкес құнды қағаздарды және Қаржылық құралдарды алған жағдайда/іске асырған жағдайда, Клиент өз бетінше оларды алған/іске асырған сәтте бағамдық құны түсу тәуекелін мойнына алатынымен, және одан туындайтын құнды қағаздарды/ақшаларды күтілген көлемде ала алмай қалу тәуекелін мойнына алатынымен келіседі.

6.19. Клиенттік Тапсырыс/Бұйрықты Компания орындағаннан кейін, кері қайтарыла алмайды және Клиентте Компанияның және үшінші тұлғалардың комиссиялық сыйақысын төлеу бойынша міндеттері сақталады, және оған қоса, Клиент Компанияға осындай Клиенттік Тапсырыстарды орындау нәтижесінде келтірілген шығындарды өтеуге міндетті болады.

6.20. Клиент жасалған мәміле бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Компания көпшілік жариялау түрінде ол туралы Биржаға/АІХ, сонымен қатар мәмілеге қатысушыларға және басқа да мүдделі тұлғаларға ескертуге құқылы болады.

6.21. Клиенттің кесірінен мәмілені жасау бойынша іс-қимылдар бұзылған жағдайда, Клиент Компанияға бұзылған мәміленің жалпы сомасының 10% (он пайыз) көлемінде айыппұл төлейді, сонымен қатар мәмілені бұзғаны үшін Биржа/АІХ ішкі құжаттарымен белгіленген барлық айыппұлдық санкцияларды да төлейді. Компания төленген немесе төлеуге жататын айыппұлдардың тиісті сомасын Клиенттің шотынан акцептсіз есептен шығару арқылы ұстап қалуға құқылы болады.

## **7. АДАМНЫҢ КҮШІ ЖЕТПЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР**

7.1. Осы Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамағаны және / немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілікте болатын Тараптар, егер Осы Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны, осындай жағдайлардың әрекетін Тараптар ешқандай түрде алдын ала болдыра алмайтын адамның күші жетпейтін жағдайлардың әрекет етуі салдарынан мүмкін болған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Адамның күші жетпейтін жағдайларға, Тарап оның туындауы үшін жауапкершілікте болмайтын және оның болмауына ықпал ете алмайтын жағдайлар, мысалы, соғыс, жаппай тәртіпсіздік, эпидемиялар, апаттар, өрттер, жер сілкінулер, су тасқындары, блокада немесе эмбарго жариялау, мемлекеттік органдармен заңдардың, жарлықтардың, ұсынымдардың, актілердің және талаптардың қабылдануы, сонымен қатар байланыс жасау, беру құралдарының кез келген бұзылулары немесе тоқтап қалулары, қызмет көрсететін банктердің, сауданы ұйымдастырушылардың, құнды қағаздардың орталық депозитарийінің жұмысындағы бұзылулар және Шарт бойынша міндеттемені орындауды мүмкін емес жасайтын басқа да жағдайлар жатады.

7.3. Адамның күші жетпейтін жағдайлардың әрекетіне душар болған Тарап, екінші Тарапқа жазбаша түрде осындай жағдайға душар болғаны туралы, олардың басталғанынан бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде, осындай жағдайдың басталғаны туралы жазбаша хабарлауы тиіс, сонымен қатар осындай жағдайлардың басталғанын куәландыратын құжаттарды растау үшін беруі тиіс. Адамның күші жетпейтін жағдайлардың бастаалғанына жеткілікті дәлел, уәкілетті мемлекеттік орган немесе Қазақстан Республикасының басқа да құзыретті ұйымдары берген құжаттар болып табылады.

7.4. Адамның күші жетпейтін жағдайлардың әрекеті туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында таратылған жағдайда, немесе жалпыға мәлім сипатта болса, уәкілетті орган берген растайтын құжаттарды беру туралы осы тармақтың талабы қолданылмайды.

7.5. Осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін адамның күші жетпейтін жағдайлардың салдарынан орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған Тарап, осы Шарт бойынша тараптар орындалмайтын деп санамаған басқа да міндеттерді орындау жауапкершілігінен босатылмайды.

7.6. Адамның күші жетпейтін жағдайлар салдарынан Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындай алмайтын Тарап, орындалмаған міндеттерін мүмкіндігінше тез орындау үшін барлық күш жігерін салатын болады.

7.7. Егер адамның күші жетпейтін жағдайлар маңызды түрде не кері қайтпайтындай жағдайда тараптардың осы Шарт мақсатына қол жеткізулеріне кедергі келтіретін болса, немесе тараптардың кез келген тарапының осы Шарт бойынша өздерінің міндеттерін орындауы, осы жағдай басталған уақыттан бастап, қатарынан

60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде қиын болып қала берсе, әрбір Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібергеннен кейін осы Шартты бұзуға және бұзуды жедел түрде күшіне енгізуге құқылы болады.

## **8. КЛИЕНТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ. ҚҰПИЯЛЫҚ**

8.1. Осы Шартқа қол қоя отырып, Клиент Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы және оларды қорғау заңға нормаларына сәйкес, Компанияға дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімін береді және өзінің келісімін осы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде кері қайтармауға міндеттенеді.

8.2. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және осы Шартпен сәйкес, құнды қағаздар нарығында коммерциялық құпияларды сақтау бойынша міндеттемені мойнына алады.

8.3. Тараптардың әрқайсысы Тараптардың бір-бірлеріне, Шартты жасағанда және Шарттың талаптарын орындау барысында берілген немесе берілетін ақпараттары мен мәліметтерінің барлық көлемін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен, АХҚО қағидаларымен жол берілген шекте коммерциялық және/немесе қызметтік ақпарат деп санауларына келісті (бұдан әрі – «Құпия ақпарат»).

8.4. Клиент туралы, Клиенттің құнды қағаздары туралы мәліметтер, уәкілетті мемлекеттік органдардың, орталық депозитарийдің, эмитенттің, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сол сияқты мәліметтерді алуға құқығы бар басқа да тұлғалардың сұраныстары бойынша ашылуға жатады.

8.5. Тараптардың кез келгені Құпия ақпаратты Шарттың талаптарын бұза отырып, жариялағанда немесе таратқан жағдайда, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамаларына, АХҚО қағидаларымен сәйкес, осындай ақпаратты жариялау салдарынан екінші Тарапқа келтірілген залалдарды өтей отырып жауапкершілікте болады.

8.6. Осы Шартты жасау фактісі, Клиенттің дербес шотының жағдайы туралы, және ол бойынша қаражаттың қозғалысы туралы, сонымен қатар құнды қағаздардың нарығында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын Клиент туралы басқа да мәліметтерді Компанияның орталық депозитарийге, Биржаға, клирингтік ұйымдарға, кастодианға және Шартпен қарастырылған оның талаптарына сәйкес басқа да тұлғаларға беруге ешбір талапсыз және пікірсіз келісімін бергенін білдіреді

## **9. ӨТІНІШТЕР ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР**

**9.1. Клиент осымен мыналарды жариялайды және мыналарға кепілдік береді:**

9.1.1. егер Клиент заңды тұлға болып табылса, ол тиісті түрде ұйымдастырылған және өзі құрылған юрисдикция заңнамасына сәйкес әрекет ететін болып табылады, осы Шартты жасауға керекті барлық заңды құқықтарға және өкілеттіктерге иелік етеді және ол бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындайды; осы Шартты жасауға, қалыптастыруға және орындауға рұқсат алу үшін барлық қажетті шараларды (оның ішінде, барлық тиісті органдардан барлық керекті лицензияларды, рұқсаттарды алу және тіркеуді жүргізу) жасайды;

9.1.2. егер Клиент заңды тұлға болып табылса, осы Шартты жасауға, қалыптастыруға және орындауға рұқсат алу үшін барлық қажетті шараларды (оның ішінде, барлық тиісті органдардан барлық керекті лицензияларды, рұқсаттарды алу және тіркеуді жүргізу) жасайды, және барлық осындай рұқсаттар осы Шартты ресімдеген күні және осы Шарттың барлық мерзімі ішінде, қандай да бір кері қайтарусыз немесе өзгеріссіз толықтай күшінде болады және әрекет етеді;

9.1.3. Клиенттің инвестициялық мәселелер саласында білімі және тәжірибесі бар, және Қаржылық құралдармен байланысты тәуекелдерді және дамып келе жатқан нарықтармен байланысты тәуекелдерді түсінеді;

9.1.4. Компанияның Клиентке осы Шартпен, Клиенттік Тапсырыспен, мәмілелермен, Қаржылық құралдармен немесе басқаша түрде берген кез келген ақпараты, тек ақпараттық мақсатта ғана берілген болып саналады және қандай да бір Қаржылық құралды сатып алу, сату немесе ұстауға ұсыныс немесе кеңес болып табымайды, және Клиент мәмілені өзінің жеке тәуекеліне қарай жүзеге асырады және осындай мәмілелерге қатысты Компанияның берген ешбір ақпаратына арқа сүйемейді;

9.1.5. Клиент барлық тәуелсіз консультацияларды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, өзінің резиденттігінің орнында құқықтық, салықтық консультацияларды алды, олар Клиенттің пікірінше осы Шартты жасау немесе ол бойынша іс-әрекеттер жасау алдында қажетті немесе орынды болып табылады;

9.1.6. егер Клиент осы Шартты жасау және орындау үшін жеке тұлға болып табылса, сондай-ақ осы

Шартты орындауда мәмілелерді жүзеге асыру үшін зайыбының (жолдасының) келісімі бар болса, (егер қолданылатын болса), мүліктік дауларды және берілген кепілдіктен туындайтын мүліктік жауапкершілікті реттеу бойынша міндеттемелерді Клиент өз мойнына алады.

## **10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ**

10.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес реттеледі және түсініледі, ал АХҚО аумағында 07.12.2015 ж. «Астана» Халықаралық қаржылық орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес, АХҚО-ның қолданыстағы құқығымен сәйкес реттеледі және түсініледі.

10.2. Тараптар туындаған дауларды, қарама-қайшылықтарды кесіссөздер арқылы реттеу бойынша шараларды қабылдайды. Келіссөздер жүргізу мүмкін болмағанда, не туындаған дауларды, қарама-қайшылықтарды кесіссөздер арқылы шешу мүмкін болмағанда, осы шартқа байланысты туындайтын немесе оның бұзылуы, тоқтатылуы немесе жарамсыздығына қатысты болатын барлық даулар, қарама-қайшылықтар, талаптар «IUS» Халықаралық аралық сотында оның қолданыстағы регламентіне сәйкес шешілуге жатады. «IUS» Халықаралық аралық сотының шешімі ақырғы шешім болып табылады.

10.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген соттылықты есептемегенде, соттылық Тараптардың жазбаша келімімен сәйкес өзгертілуі мүмкін.

## **11. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ**

11.1. Осы Шарт преамбулада көрсетілген шарттарға сәйкес қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және осы Шарттың 11-бабына сәйкес оның қолданылуы тоқтатылғанға дейін әрекет етеді. Осы Шарттың қолданылуының тоқтатылуы осы бапта көзделген шарттардың қолданылуына әсер етпейді. Аталмыш Шарт Компанияның қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және аталмыш 11-бапқа сәйкес оның әрекеті тоқтатылғанға дейін әрекет етеді. Осы Шарттың тоқтатылуы осы Бапта берілген талаптарға әсер етпейді.

11.2. Егер Клиент пен Компания арасында бұған дейін брокерлік қызметтер мен номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы Шарт жасалған болса, оның қолданылуы Клиент осы Шартқа қол қойған (Шартқа қосылу туралы Өтініш берген және оны Компания акцепттеген) сәттен бастап тоқтатылады. Кері жағдайда (осы Шарт қандай да бір себептермен Клиентпен жасалмаған болса), Компания Клиентке бұған дейін Клиентпен тікелей жасалған Шартқа сәйкес қызмет көрсетуді жалғастырады.

11.3. Осы Шарттың әрекеттері мына жағдайларда тоқтатылады:

11.3.1. тез арада Тараптардың екі жақты жазбаша келісімдері бойынша;

11.3.2. осы Шартты бұзатын ойының бары туралы күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын екінші Тарапқа алдын ала жазбаша хабарлама беру арқылы бұза алады, бұл ретте Клиент Компанияға осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетумен байланысты Компанияның шығарған барлық шығындарын, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, осы Шартпен қарастырылған Сыйақыларды, Салықтарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, комиссияларды және үшінші тұлғалардың шығындарын Компанияға өтеуді міндетіне алады;

11.3.3. тез арада Клиенттің жазбаша хабарламасы бойынша, Қазақстан Республикасында құнды қағаздардың ішкі немесе халықаралық нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін Компанияда болуы тиіс лицензиясының әрекет етуін Уәкілетті орган тоқтата тұру немесе жою нәтижесінде тоқтатады;

11.3.4. тез арада, егер Тараптардың кез келгені таратылуға жатқызылғанда немесе басқаруға берілуге жатқызылғанда;

11.3.5. тез арада, осы шарт бойынша Компания өзінің міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін күнтізбелік күндер қатарынан 60 (алпыс), күннен артық мерзімге форс-мажор жағдайы болған кезде;

11.3.6. тез арада Клиент берген, Клиенттік Бұйрықтың негізінде Шоттар жабылғанда;

11.3.7. Шотта Қаржылық құралдардың жоқ болуымен және соңғы 12 (он екі) ай немесе одан ұзақ мерзімде Клиенттің Шоты бойынша Қаржылық құралдармен іс-қимылдар жасалмауына байланысты, Клиент тиісті хабарламада көрсетілген мерзімде оған қарсы әрекет туралы Компанияға ескерткен жағдайларды есептемегенде, Клиент өзінің Шотының жабылуы туралы жазбаша хабарламаны жібергеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін тоқтатады. Бұл ретте, Шотта ақшалай қаражаттың қалдығы қалған жағдайда және Клиент Компанияның осындай ақшалай қаражатты Клиенттің банктік деректемелеріне аударуға қатысты нұсқауы берілмеген жағдайда, Шот ашық болып қала береді және

Клиент Компанияға жыл сайынғы комиссияны Шоттың әрекетін әрі қарай жүргізудің қажеттілігіне байланысты 20 АЕК көлемінде қосымша төлейтін болады және осы Шарттың әрекеті осы Шартта қарастырылған негіздемелер бойынша оның әрекеті тоқтатылатын күнге дейін күшінде қала береді;

11.3.8. Клиент осы Шартқа енгізілетін өзгерістермен және толықтырулармен жазбаша түрде келіспеген жағдайда;

11.3.9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО қағидаларымен қарастырылған басқа да негіздер бойынша тоқтатылады.

11.4. Компания Клиенттің (оның Уәкілеттенген тұлға) және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің шетел мемлекеттерінің санкциялық тізімдеріне енгізілу (болу) дерегі анықталуына байланысты, соның ішінде, бірақ АҚШ, Ұлыбритания Біріккен Корольдік немесе Еуропа Одағы енгізген экономикалық санкциялармен шектелмей, болжалды бұзылу күнінен күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Клиенттің мекенжайына жазбаша хабарлама жолдау арқылы Клиентке қандай да бір залалдардың есесін толтырмай, біржақты соттан тыс тәртіппен (ҚР Азаматтық кодекс 404-бабына сай Шарттан бас тарту) Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

11.5. Осы Шарттың әрекетінің тоқтатылуы, оның әрекетінің тоқтатылғанына дейінгі туындаған кез келген Тараптың қандай да бір құқықтарына және міндеттемелеріне әсер етпейді.

11.6. Осы Шарттың әрекетінің тоқтатылған күні орындау үдерісінде болған кез келген мәміле немесе Клиенттік Бұйрық/Тапсырыс, Тараптармен басқаша көзделмеген жағдайда, және ол әрқашан заңды деп есептелетін жағдайларды есептегенде, Компаниямен орындалуы тиіс.

11.7. Осы Шарттың әрекеті тоқтатылғанда, Компания осы Шарт бойынша есептелген кез келген төленбеген сомаларды, сондай-ақ ол Клиентке оның Активтерін осы Шарттың әрекетінің тоқтатылу нәтижесінде Клиентке аудару кезінде немесе кері берген кезде шығындалуы мүмкін кез келген шығындарын өтеуге құқылы болады;

11.8. Осы Шарттың әрекеті тоқтатылған кезде, осы Шарттың 11-баптың 11.7.-тармағында көрсетілген барлық сома алынғанда кейін, Компания Клиенттің барлық Активтерін Клиент көрсеткен шоттарға аударады, бұл ретте осындай барлық аудармаларды Компания, қолданыстағы заңнамамен басқаша көзделген немесе Тараптармен басқаша белгіленген жағдайларды есептегенде, осы Шарттың әрекетінің тоқтатылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындауы тиіс болады.

## **12. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР**

12.1. Осы Шарт жария оферта болып табылмайды. Компания кез келген тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

12.2. Осы Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар және/немесе тарифтер және/немесе Компанияның ішкі қағидалары Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, Компанияның Интернет-ресурсында орналастыру және/немесе жазбаша хабарлама жіберу арқылы көрсетілген өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізілгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кепіктірмей біржақты тәртіппен енгізілуі мүмкін. Клиент осындай өзгерістермен мен/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент Компанияға осындай хабарламаны немесе құжаттарды Компания жаңа редакцияда орналастырған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуге құқылы. Клиент Компанияның қарсылықтарын осы тармақта көзделген тәртіппен және мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, мұндай өзгерістер мен/немесе толықтырулар Клиент осындай өзгерістер мен/немесе толықтырулар туралы хабарламада көрсетілген күні қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

12.3. Осы Шарттың қандай да бір ережелерінің кез келген юрисдикциядағы заңнамаға сәйкес заңсыздығының, күшінде еместігінің немесе орындала алмайтындығының кез келген деңгейі, кез келген юрисдикцияның заңнамасына сәйкес, тек тиісті деңгейде ғана осындай юрисдикцияның осы ережелерінің заңдылығына, күшінің болуына немесе орындалуына шектеу қояды немесе әсер етеді, және кез келген басқа юрисдикцияның заңнамасы бойынша, кез келген басқа ережелердің заңдылығына, күшінің болуына немесе орындалуына сияқты, кез келген осындай юрисдикция заңнамасы бойынша оның заңдылығына, күшінің болуына немесе орындалуына әсер етпейді. Осы тармақтың, осындай бөлігі егер осы Шарттың негізгі мағынасын өзгертетін және осы Шарттың қамтылмаған ережелерінің маңызды түрде басқа экономикалық тиімділікті алуына әкелсе, күші жоқ болып табылады.

12.4. Осы Шарт бірдей заң күші бар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды. Клиент қазақ және/немесе ағылшын тілдерінде шартқа қол қойған жағдайда, қазақ және/немесе орыс және / немесе ағылшын нұсқалары арасында келіспеушіліктер туындаған кезде орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады. Осы Шарт Компанияның Ішкі қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылады.

### 13. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

**Компания:**

**«Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ**

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Ю.Померанцев көшесі, Ғимарат 5, қабат 6, «ALAtau views» бизнес-орталығы  
БСН 041140005638

**Банктік деректемелер:**

ЖСК: KZ826010131000197902

Банк: «Народный Банк Казахстана» АҚ

БСК: HSBKZKX

КБЕ: 15

**Клиент:**

Клиенттің деректемелері мен деректері тұпатты шартқа қосылу Өтінішінде

**Басқарма төрағасы Н.С. Есембаев немесе оның орынбасары**

Клиенттің қолы қойылған (таңдалған қол қою әдісіне сәйкес) және Компания қабылдаған Өтініш Клиенттің Келісімге қол қойғанын растайды